**Орталық атқарушы органдардың шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша интернет-конференциялар өткізу кестесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 11 наурыздағы N 59-ө Өкімі

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлік үшін бизнес климатты жақсарту мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған орталық атқарушы органдардың шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша интернет-конференциялар өткізу кестесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында интернет-конференциялар өткізу туралы ақпараттық хабарлауды және оларды ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі", "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп, 2008 жылғы 20 наурызға дейінгі мерзімде интернет-конференцияларды өткізуді техникалық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2008 жылғы 11 наурыздағы
N 59-ө өкімімен
бекітілген

**Орталық атқарушы органдардың шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша интернет-конференциялар өткізу КЕСТЕСІ**

| Р/с N | Орталық атқарушы орган | Өткізу күні |
| --- | --- | --- |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі | 2008 жылғы 25 наурыз |
| 2. | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі | 2008 жылғы 28 наурыз |
| 3. | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі | 2008 жылғы 31 наурыз |
| 4. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі | 2008 жылғы 3 сәуір |
| 5. | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі | 2008 жылғы 8 сәуір |
| 6. | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі | 2008 жылғы 11 сәуір |
| 7. | Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі | 2008 жылғы 15 сәуір |
| 8. | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі | 2008 жылғы 18 сәуір |
| 9. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі | 2008 жылғы 22 сәуір |
| 10. | Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі | 2008 жылғы 25 сәуір |
| 11. | Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі | 2008 жылғы 28 сәуір |
| 12. | Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі | 2008 жылғы 30 сәуір |
| 13. | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі | 2008 жылғы 5 мамыр |
| 14. | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі | 2008 жылғы 8 мамыр |
| 15. | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі | 2008 жылғы 13 мамыр |
| 16. | Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі | 2008 жылғы 16 мамыр |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК